Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің СЕНАТЫ
ШЫҒЫС № 261
«21» 05 2018ж.
ПАРАҚ САНЫ 1

# Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

## 2017-2018 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

## №5 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

**Түркістан қаласы** **14 мамыр, 2018 жыл**
дүйсенбі

**Сағат 15:00**

**Мәдениет орталығының кіші мәжіліс залы**

**Қатысқандар: 51** Сенат мүшелерінен – 44 және құрылымдық бөлім басшылары, күн тәртібіне қатысы бар жауапты тұлғалар

**Күн тәртібінде :**

**2. Әртүрлі мәселелер:**

***2.7. Университет ОПҚ-ның дайындаған оқулық, оқу құралы мен монографияларын баспаға ұсыну туралы;***

*Университет Оқу-әдістемелік Кеңесінің ұсынысымен (28.03.2018 ж. №8 хаттама және 19.04.2018 ж. №9 хаттама)*

**Ашық дауыс беру нәтижесінде СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.7.32 «Тарих» кафедрасының доценті, т.ғ.к. Г.О.Нурбетова дайындаған «Methods of teaching history» атты оқу құралы бекітіліп, баспаға жіберілсін.

**Сенат төрағасы** **У.Әбдібеков**
**Сенат хатшысы** **М.Асанова**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің СЕНАТЫ
Көшірме дұрыс
Сенат хатшысы **М.Асанова**

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

NURBETOVA GULNAR ORAZALIEVNA

# *METHODS OF TEACHING HISTORY*

EDUCATIONAL ATE

TURKESTAN – 2018

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**NURBETOVA GULNAR ORAZALIEVNA**

# *METHODS OF TEACHING HISTORY*

**EDUCATIONAL ATE**

**TURKESTAN - 2018**

Proposed by the decision of the Senate of the International
Kazakh-Turkish University after Yasavi

AOZH 94(574) (075.8)
KBZH 63.3(5 Kaz) 73
N 86

Responsible editor: Doctor of Historical Sciences, Professor **Omarbekov T.O.**

Reviewers: Doctor of Historical Sciences, Professor **Shalekenov M.U.**
Doctor of Historical Sciences, Professor **Tursun X.**
Candidate of Pedagogical Sciences,
assistant professor **Kenjaeva B.**

**N 86 Nurbetova G.O.**
Methods of teaching history. Educational ate. - Turkestan, 2018. - 168 pages.

ISBN 978-601-243-691-465-00-566-1

Education must respond to the "challenge" of the modern world, to change, responding to new social phenomena. It is innovative methods in training that are aimed at preparing the individual for a future life.

There are many interpretations of the term - innovation, but the main idea is innovation. People who are not satisfied with the traditional system are attracted to innovation.

In my opinion, the technology of interactive learning is a good opportunity to keep up with the times, in addition, it provides me with one of the options for resolving the contradictions of the teaching and educational process, which are revealed in practice.

The textbook "Methods of teaching history" is intended for students of universities, higher educational institutions, undergraduates, doctoral students, teachers and public readers.

**KBZH 63.3(5 Kaz) 73**
ISBN 978-601-243-691-465
**© Nurbetova G.O., 2018**

# SECTION ONE. DIFFERENT METHODS OF TEACHING HISTORY

## *Chapter first.* Methods of teaching history, subject, goals and objectives

Methodology is the term "methodology", which is translated from Ancient Greek to "a way of knowing", "a way of research". A method is a way to solve a specific problem, to achieve a specific goal. Then the methodology is a set of these methods, complex. The methodology of historical teaching is one of the pedagogical sciences about the aims, content and methods of teaching history. It is aimed at studying and studying the legality of the educational process of history in order to improve its effectiveness and quality. At the same time, the methodology is aimed at organizing the educational process and its main factors.

An outstanding methodologist in the early twentieth century. A. Ivanov's emphasis on methodology is to identify, evaluate and display teaching methods that lead to the development of science as an object. The methodology explores and studies the question of how to read history.

Thus, the subject of methodology is the pedagogical process, the teaching of the history of the teacher, the student's reading of history. And the form of the method - methods, content, organization and types of training.

Learning history is a very complex process that combines components that are interrelated and constantly moving. The goal of the training is to provide guidance on how to teach and develop it.

The reader of the reader is a series of learning outcomes. Movement in the learning process occurs in the process of eliminating internal conflicts. These contradictions arise

## CONTENTS

**Introduction** . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 3

**SECTION ONE. DIFFERENT METHODS OF TEACHING HISTORY** . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 4

*Chapter first.* **Methods of teaching history, subject, goals and objectives** . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 4

*Chapter two.* **Plans and programs of teaching methods of history** 7

*Chapter three.* **Using active and innovative methods in teaching history** . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . 11

| | | |
|---|---|---|
| *Chapter four.* | **Use of visual aids in the methodology of teaching history** | 15 |
| **SECTION SECOND.** | **ORGANIZATION OF METHODS OF TEACHING HISTORY** | |
| *Chapter five.* | **Using Historical Data and Documents in a History Lesson** | 20 |
| *Chapter six.* | **Forms of organization of methods of teaching history** | 30 |
| *Chapter seven.* | **Methods and methodological skills of teaching history** | 36 |
| *Chapter eight.* | **Features of teaching the ancient and ancient world of history** | 42 |
| *Chapter nine.* | **Features of teaching medieval history** | 49 |
| *Chapter ten.* | **Methods of teaching the history of modern times** | 56 |
| *Chapter eleven.* | **Methods of teaching modern history** | 62 |
| *Chapter twelve.* | **Formation of methods of teaching history of the Republic of Kazakhstan** | 92 |
| *Chapter thirteen.* | **Methods of teaching the history of Kazakhstan** | 118 |
| *Chapter fourteen.* | **Features of teaching the new and modern history of Kazakhstan** | 133 |
| *Chapter fifteen.* | **Lesson of the history of modern Kazakhstan** | 148 |
| **Conclusion** | | 159 |
| **Literature** | | 161 |

**Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Гуманитарлық ғылымдар факультеті, «Тарих» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Г.О. Нурбетованың «Methods of teaching history» - «Тарихты оқыту әдістемесі» атты оқу құралына және электронды оқу құралына**

## СЫН ПІКІР

«Methods of teaching history» - «Тарихты оқыту әдістемесі» атты оқу құралы және электронды оқу құралы мемлекеттік стандарт талаптарына сай әзірленген.

Бұл «Methods of teaching history» - «Тарихты оқыту әдістемесі» атты оқу құралында және электронды оқу құралында тарихты оқыту әдістемесі, пәні, міндеттері мен мақсаттары зерттеліп, оларға ғылыми талдау жасалған. «Әдістеме», «тарихты оқыту әдістемесі», «әдістеменің маңызы», ғылыми-зерттеу әдістері, педагогикалық бақылау, қалыптастырушы эксперимент түсініктеріне анықтама берілген.

Автор «Тарихты оқыту әдістемесінің» жоспарлары мен бағдарламаларын дұрыс көрсете білген. Бұл оқу құралында мемлекеттік стандарт, бағдарлама жасаудың принциптері, 5-9 сыныптарға арналған оқу бағдарламаларын даярлау, 10-11 сыныптарға оқу бағдарламаларын даярлау дұрыс қарастырылуы, бірінші кезекте білім стандарты, стандарттың қызметі, оқыту мазмұнын, оқу жүктемесінің көлемін, білім нәтижесін, мұғалім мен білім беру мекемелерін аттестациялау барысында стандарт білім жүйесіне бағдаршы норматив ретінде қызмет атқаратындығы жайлы құнды деректер келтірілген.

Білім сапасын көтеру қызметі, стандарттың құрылымын, базалық стандарттар, базистік оқу жоспары, базалық білім аясының стандарты, оқу жоспары жайлы ақпараттар кездеседі.

Оқу жоспары, оқу бағдарламасы, оқу жұмыс бағдарламасы, оқулықтар жасалу жолдары мен стандарттық талаптары бойынша талдау жасалған. Білім беру мазмұнын анықтайтын құжаттар көмегімен білім беру іске асу, білім беру мазмұнының міндеттерінің орындалу үдерістері кеңінен қарастырылған. Білім беруде білім саласындағы негізгі мемлекеттік құжаттармен жұмыс істей білу әр оқытушының кәсіби міндеттерінің бірі екендігі, олармен талапқа сай мақсатты жұмыс жасай алғанда қазіргі қоғам талап етіп отырған білім берудің міндеттерін іске асыратындығы зерттелген.

Тарихты оқытуда белсенді және инновациялық әдістерді қолдану, ойын сабақтарының түрлері, оқыту үрдісінде ойын сабақты жүзеге асыру технологиясы, педагогтің іскерлік алгоритмі, оқушылардың іскерлік алгоритмі сияқты мәселелер қамтылған. Ойын мазмұны мен түріне қарай: мазмұнды-бейнелі, қимыл-қозғалыс, дидактикалық, құрылыс, кейіптендіру ойындарының бөлінуі қарастырылған.

Мазмұнды-бейнелі ойында балалар ойын мазмұнын түсінікті етіп жеткізуге тырысады, оған қажетті құрал-жабдықтарды табуға талпынады,

оларды дайындау үшін еңбектенеді. Бала алған рөлдеріне сай кейіпкердің киімін киіп, қимылын, дауыс ырғағын мәнерлі жеткізуге тырысады, көркемдік сабақтардан (ән-саз, бейнелеу өнері сабақтары) алған білімдерін пайдаланады, қуыршақты ұйықтату үшін бесік жырын айтып әлдилейді, бейнелеу өнері сабақтарында жасаған ыдыс, үй жиһаздарын, қағаздан құрастырған заттарды пайдаланады. Құрылыс ойынында, дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, балалар музыкалық ойыншықтар мен әр түрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшелігін ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Сыныптан тыс өлке тану жұмысының аса қызықты түрі - туған өлкені жан-жақты білу түрі терең зерттелген.

Тарихты оқытуда көрнекілік құралдарын пайдалану мәселелеріне, жетістіктеріне, қайшылықтарына және өзекті мәселелеріне терең талдау жасаған. Тарихты көрнекілік құралдармен оқытудың ролі мен мәні, оқытудың серпінділігі нақтылығы және эмоционалдығы үшін техникалық құралдарды пайдалану, оқушының тарихи білім алуындағы компьютердің ролі, тарих бойынша компьютерлік бағдарламалар құрастыру мәселелері қарастырылған.

Автор өз еңбегінде дидактикалық оқыту құралдары: материалдық құралдар, оқытудың идеалдық құралдары құрайтындығын көрсете білген. Коммуникациялық құралдардың үш түрін толықтай зерттеп, қазіргі таңдағы көзқараста баға берген.

Бұл оқу құралы заман талабына сай ағылшын тілінде жазылған. Дәл осы оқу құралдың электрондық оқу құралы ретінде түпнұсқасын дайындау қазіргі заманауи талаптарына сәйкес келеді. Соңғы жылдары шыққан көптеген жаңа зерттеулер қамтылған, соның ішінде тарихты оқыту әдістемесіне қатысты көмекші оқу құралдары мен кітаптар пайдаланылған. Әр тақырыпта нақты мәліметтер мен мағлұматтар берілген. Кітапта тарихты оқыту әдістемесіне қатысты терминологиялық анықтамалар берілген.

«Methods of teaching history» - «Тарихты оқыту әдістемесі» атты оқу құралын және электронды оқу құралын оқу үдерісі кезінде студенттерге дәріс жүргізу барысында пайдалануға әбден болады.

**Сын пікірді жазған**
**тарих ғылымдарының докторы,**
**профессор:** **М. Ж. Шалекенов**

**Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Гуманитарлық ғылымдар факультеті, «Тарих» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Г.О. Нурбетованың «Methods of teaching history» - «Тарихты оқыту әдістемесі» атты оқу құралына және электронды оқу құралына**

## СЫН ПІКІР

«Methods of teaching history» - «Тарихты оқыту әдістемесі» атты оқу құралы және электронды оқу құралы мемлекеттік стандарт талаптарына сай рәсімделген.

Бұл оқу құралында тарихты оқытудың міндеттері, мазмұны және әдіс-тәсілдері қамтылған. Тарихты оқыту - өзара байланыста және үнемі қозғалыста болатын құрауыштардың басын біріктіретін өте күрделі үдеріс. Оны оқыту мақсаты, оның мазмұны, білім беру және оны игеруге басшылық жасау, оқушылардың оқу әрекеті, оқыту нәтижесі деген тізбекке талдау жасап, нақты сипаттама берген.

Материалдық құралдарды құрайтын оқулықтар, сөздіктер, анықтамалар, көмекші оқу құралдары, таблица, модельдер, макеттер, көрнекі құралдар, ТСО, оқу-лабараториялық жабдықтар, жиһаз, оқу бөлмесінің жабдықтары, микроклимат, оқу кестесі т.б. оқытудың материалдық-техникалық жағдайлары қарастырылып, өзіндік баға берілген.

Автор өзіндік зерттеулерінде оқытудың идеалдық құралдарын құрайтын оқытушы мен оқушының меңгерген білім, білік, дағдыларын жаңа білімді меңгеруде қолдануы; сөз, жазу, шартты белгілер, сызбалар, диаграммалар, сызу, өнер туындылары т.б., яғни мәдени мұраны, жаңа мәдени құндылықтарды меңгеру мәселелерін терең қарастырған.

Бұл оқу құралында демонстрация әдісі (көрсету), иллюстрация әдісі, картамен жұмыс жасау, картографиялық білім келтірілген. Тарих сабақтарында тарихи мәліметтер мен құжаттарды пайдалану, оқушылардын тарихи құжаттармен жұмыс істеу тәсілдері, құжаттық материалдың жіктелуі, актілік құжаттар, баяндаушы-сипаттаушы құжаттар, көркем сөз естеліктері, тарихи құжаттар мен мәліметтерді зерттеу әдістемесі, мәліметті конспектілеу, тарихи мәліметтердің сипаты: авторы, жасалу уақыты, жанры, негізгі идеялары, тақырыптары мен көркемдік ерекшеліктерін анықтау жайлы құнды мәліметтер және оның нәтижелерін ашып көрсете білген.

Тарихты оқыту жұмыстарын ұйымдастыру формалары, оқыту процесінде барлық сыныптарды қамтитын, жан-жақты сабақты өткізу ерекшеліктері мен сабақ түрлері, мұғалім баяндаған жаңа материалды түсіндіру сабақтары, дағды мен шеберлікті қалыптастыру, білімділікті тексеру сабақтары, жалпылама немесе қайталама-жалпылау сабақтары, білімділік пен шеберлікті тексеру сабақтары, семинар сабақтары, ықпалдастық сабақтары, тарих сабағының дидактикалық жабдықтары, тарих сабағына мұғалімнің дайындалуы, тематикалық сабақты жоспарлау тәсілдері мен амалдары белгіленген.

Автор зерттеу барысында сабаққа дайындалу үрдісіне, нәтижеге жеткізетін шаралар жүйесін жасау, оқу-тәрбие үрдісін дұрыс ұйымдастыру маңызына ерекше көңіл бөлген. Мұғалімнің сабаққа әзірлігінің үш кезеңіне: диагностикалық, болжау, жобалау (жоспарлау) сипаттамасына анықтама беріп, салыстырмалы түрде талдау жасаған.

Бұл «Methods of teaching history» - «Тарихты оқыту әдістемесі» атты оқу құралында зертханалық сабақтар, оқушылардың алған білімдерін қолдану икемділігі

дағдыларын қалыптастыруға арналған түрлеріне, және де бұл сабақ түрі негізінен оқушылар үшін жаңа білім көзін игеруге арналған мәселелерге жақсы сипаттама берілген.

Сонымен қатар, өлкетану, туристік жұмыстар, кешенді экскурсияның жоспары, пәндік үйірмелер, пікірсайыс, баламалы жағдай, практикумдар, шеберханалар, зертханалар, кеңестер бойынша тың мәліметтер пайдаланылған.

Зерттеу барысында автор тарихты оқыту әдістері мен әдістемелік тәсілдер, оқыту әдістерін таңдау критерийлері, оқытудың "әдісі" мен "тәсілдер" ұғымдарының қатынастылығы, тарихты оқу үрдісіндегі әдістер мен тәсілдердің танымдық, тәрбиелік, дамытушылық ролі, ауызша материал ролі: әңгіме, конспективті, образды, сюжетті әңгімелеу, картиналық және аналитикалық сипаттау, түсіндіру, талдау туралы мәліметтерді салыстыра отырып, дұрыс баға берген.

Тарихты кезеңдеп оқытудағы ерекшеліктер, антикалық және ежелгі дүние тарихын оқытудың ерекшеліктері, ежелгі дүние тарихы курсының мазмұны, оның хронологиялық шегі, кезеңдері, негізгі ұғымдары мен жетекші идеялары, курс құрылымы, оқыту материалдарын таңдау критериясы, оқулықтың көрнекілік және деректік материалын пайдалану, алғашқы деректі пайдалану тәсілдеріне жақсы сипаттама берген.

Орта ғасырлар тарихын мектеп курсының мазмұны, хронологиялық шегі мен кезеңдері, Азия және Африка, Америка, Европа елдерінің ортағасырлық тарихындағы негізгі оқиғалар мен үрдістерге дәйекті сипаттама, орталықтанған мемлекеттердің пайда болуы, Орталық Европадағы феодалдық күйреу, Батыс Европа мәдениеті, ұлы географиялық ашулар және отарлық шапқыншылықтар тарихын қолданған.

Жаңа заман тарихын оқытудағы қойылатын талаптар, жаңа заман тарихы сабағының хронологиясы, жаңа заман тарихы сабағының заңдылықтары мен категориялары, мұғалімдердің білімді берудегі әдіс-тәсілдерін меңгеру үдерісі терең зерттелген.

Негізгі мәселе - қазіргі заман тарихын оқытудағы қойылатын талаптар, қазіргі заман тарихы сабағының хронологиясы, қазіргі заман тарихы сабағының заңдылықтары мен категориялары, мұғалімдердің білімді берудегі әдіс-тәсілдерін меңгеру үдерістері қарастырылған.

«Methods of teaching history» - «Тарихты оқыту әдістемесі» атты оқу құралын және электронды оқу құралын оқу үдерісі кезінде студенттерге дәріс жүргізу барысында пайдалануға болады.

**Сын пікірді жазған тарих ғылымдарының докторы, профессор:** **Х. Тұрсун**

Қолын РАСТАЙМЫН:
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Кадр бөлімінің бастығы

КАДР БӨЛІМІ
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті · Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi